

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - Б.250-251

## **СЗС-2.1 СЕПКІШІНІҢ «КРОНШТЕЙН» БӨЛШЕГІН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

*Болатбекқызы Т., 2 курс магистранты  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

СЗС-2.1 сеялка - жерге дәндерді себу үшін арналған құрал. Ол - дәнді себудің кең жолақты әдісіне және орташа тұқымды бұршақты дақылдарды бір мезгілде алқап бетін жаппай қопсыта отырып, арамшөптерді толық кеседі, түйіршіктелген минералдық тыңайтқыштарды енгізіп, жел эрозиясына ұшырайтын және топырақтың жеткіліксіз ылғалдануы және аудандардағы стерженді фондарда себілген жолақтарды топыраққа домалатады. Сепкіш ылғалдың булануын және жел эрозиясының әсерін төмендету мақсатында егістік қалдықтарының ең жоғары сақталуымен 0...10 см қабатта салыстырмалы ылғалдылығы 20% - ға дейін (шектеді далалық ылғалдылықтың 35...75%) әртүрлі механикалық құрамдағы топырақтарда Сапалы себуди қамтамасыз етеді.

Сеялкалар егу, тракторға агрегаттау әдістеріне және пайдалану орнына (себетін дақылдарға) қарай ажыратылады. Сеялкалардың пайдаланылуына қарай жұмыс органдарды ауыстыруға болады. Мысалы, дән-тыңайтқыш сеялкасының дән және тыңайтқыш себуге арналған, дән-тыңайтқыш- шөп сеялкасының дән, шөп және тыңайтқыш себетін, тар қатарлы дән тыңайтқыш сеялкасының дән мен тыңайтқышты тар қатарлы әдіспен себетін жұмыс органдары бар. Егу әдісіне қарай сеялкалар қатарлап себетін, тар қатарлы, пунктирлі, шаршы-ұялы, бір дәндеп және шашып себетін сеялкалар болып бөлінеді, Қатарлы және тар қатарлы сеялкалар тұқымды топыраққа қатар аралыққа берілген қашықтықта, шаршы-ұялы сеялкалар шаршы бұрыштарына ұялап, пунктир сеялкалар берілген қашықтықта ұя аралықтарына сіңіреді, ал жалғыз дәндеп себетін сеялкалар дән аралықтарына берілген қашықтықта бір-бір дәннен шашып тұқымдық дәнді егістіктің беткі қабатына бөліп себеді.

СЗС-2.1 сеялкасының жұмыс органының кронштейн бөлшегін зерттеп, тиімді және сапалы кронштейн бөлшегін жасау. Кронштейн - негізінен тік бөлшектерде машиналар мен құрылғылардың (мысалы, подшипниктер) бөліктері мен компоненттерін бекіту үшін пайдаланылады.

Міндет - заманауи құю жабдықтарын қолдана отырып, сепкіштің «кронштейн» бөлігін құйып алудың технологиялық процесін әзірлеу.

Сепкіштің бөлшектері әртүрлі әдістермен, соның ішінде салқындатқышпен құю әдісімен жасалады.

Құю - бұл балқытылған металды қалыпқа құю арқылы дайындамалар мен бөлшектер шығаратын, қуысы дайындаманың (бөлшектің) формасына ие болатын машина жасау саласы. Құю жабдықтары - бұл құйма жасауға арналған құрылғылар жиынтығы, оған құю моделі, қақпа жүйесі элементтерінің модельдері, модель тақтайшалары, өзек қораптары, колбалар және т.б.

Жобаның мақсаты:

СЗС-2.1 сеялкасының жұмыс органының кронштейн бөлшегін зерттей отырып құм балшыққа құю әдісін ұсыну.

Магистрлік жобаның міндеттері:

1. СЗС-2.1 сеялкасының жұмыс органын және кронштейн бөлшегінің құрамын зерттеу.

2. Шойыннан жасалған кронштейн бөлшегін жұмыс үрдісін талдау.

3. Кронштейн бөлшегінің жұмыс кезіндегі беріктік мөлшерін жоғарлату үшін болат материалдарын ұсыну.

СЗС-2.1 сеялкасының жұмыс органының кронштейн бөлшегін зерттеп, тиімді және сапалы кронштейн бөлшегін жасау және құм- балшық қалыпқа құю.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Материаловедение: Учебник для вузов/ Арзамасов Б.Н., Макарова В.Н., Мухин Г.Р. и др.- М.: МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2002.-648 с.

2. Технологические и физико-химические процессы литейного производства: Учебник/ Газалиев А.М., Рыбкин В.А., Егоров В.В., Исин Д.К.- Алматы: Білім, 2010.-710 с.

3. Engineering for Rural Development– издательство Thomson Reuters, 2012